



БЕКІТЕМІН
ЖК басшысы
С.К.Жолдасбай

**«Alashorda.kz» ақпарат агенттігінде жарнама
орналастыруға арналған прайс-парақ.
01.01.2026—31.12.2026 аралығында қолданылады.
Бағалар КҚС-сыз көрсетілген.**

Ақпараттық хабарлама:

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін Alashorda.kz ақпараттық агенттігінің және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларының жарнамалық және ақпараттық алаңдарын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы.

«Әлихан» жеке кәсіпкерлігі (Alashorda.kz ақпараттық агенттігінің меншік иесі) 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды тағайындау туралы» Жарлығына сәйкес, 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын орналастыру үшін интернет-алаңдарды берудің ақысы, шарттары мен тәртібін назарларыңызға ұсынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтай отырып, біз өз алаңымызда партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың үгіт-насихат материалдарын ашық, тең құқылы әрі түсінікті шарттармен орналастыруды ұсынамыз.

1. Үгіт-насихат науқанының мерзімі

Басталуы: 2026 жылғы 23 шілде, сағат 18:00-ден кейін;

Аяқталуы: 2026 жылғы 22 тамыз, сағат 00:00-де.

2. Қызметтер құны (Прайс-парақ)

№	Қызмет түрлері	Материал көлемі	Бағасы
1	Басты бетке дайын материалды жариялау	8 000 таңба мен 3 фотосуретке дейін	200 000 т
2	Басты бетке редакциялық журналист дайындаған материалды жариялау	8 000 таңба мен 3 фотосуретке дейін	250 000 т
3	Жаңалықтар лентасына редакциялық журналист дайындаған ақпаратты жариялау	5 000 таңба мен 2 фотосуретке дейін	150 000 т
4	Жаңалықтар лентасына дайын ақпаратты жариялау	5 000 таңба мен 2 фотосуретке дейін	100 000 т
5	Ақпараттық агенттіктің басты бетіне дайын баннерді орналастыру	(Бір апта)	150 000 т
6	Ақпараттық агенттіктің екінші бөлігіне дайын баннерді орналастыру	(Бір апта)	100 000 т

ТИІМДІ ПАКЕТТІК ҰСЫНЫС

- ✓ Он материалдан бастап 10% жеңілдік беріледі. Мысалы 10 материалдың бағасы 2 млн теңге болса, 10 пайыз жеңілдіктен кейін 1 млн 800 мың теңге болады.
- ✓ Қосымша сыйлық ретінде сайттағы материалды Facebook әлеуметтік желісіндегі «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Тәуекел» және «Қазақ ұлтшылдары» топтарына тегін жариялаймыз.

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар:

№	Қызмет түрлері	Уақыты	Бағасы
1	Деректі фильм дайындау және орналастыру	50-60 мин	5-10 млн т
2	Студиялық сұхбат 30 минутқа дейін 500 мың, 40 минутқа дейін 600 мың, 50 минутқа дейін 700 мың, 60 минутқа дейін 800 мың, 60 минуттан жоғары жоғары 1 млн теңге	30-60 мин	500 000-1 000 000 т
3	Zoom сұхбат 30 минутқа дейін 300 мың, 40 минутқа дейін 400 мың, 50 минутқа дейін 500 мың, 60 минутқа дейін 600 мың, 60 минуттан жоғары 700 мың теңге	30-60 мин	300 000-7 000 00 т
4	YouTube-ке бейне сюжет дайындау және орналастыру	10-15 мин	300 000 т
5	YouTube, Instagram, TikTok-қа бейнеролик жариялау (Reels, Shorts және карусель)	1-3 мин	200 000 т
6	YouTube, Instagram, TikTok-қа дайын бейнеролик орналастыру (Reels, Shorts және карусель)	1-3 мин	100 000 т

ТИІМДІ ПАКЕТТІК ҰСЫНЫС

- ✓ Он видеоконтенттен бастап 10% жеңілдік беріледі. Мысалы 10 сұхбаттың бағасы 5 млн теңге болса, 10 пайыз жеңілдіктен кейін 4,5 млн теңге болады.
- ✓ Қосымша сыйлық ретінде сұхбат пен сюжеттің 3 қиындысын Facebook, YouTube, Instagram, TikTok және Threads әлеуметтік желіге жарияланады.

3. Келісімшарт жасасу және құжаттарды тапсыру

Өтініштер 2026 жылғы 14 шілдеден бастап қабылданады. Орналастыру кезектілігі өтініштердің түсу ретімен анықталады.

Қандай құжаттар қажет?

Партиялық тізімнің тіркелгенін растайтын құжат көшірмесі;
Саяси партияның сенім білдірген адамының өкілеттігін растайтын құжат (уәкілетті орган берген куәлік);
Сенім білдірген адамның жеке куәлігінің көшірмесі;
Келісімшартқа қол қоюға құқық беретін өкілеттік құжаттары.

4. Ең маңызды талаптар

Мерзімі: Дайын материалдар жарияланардан кемінде 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

Міндетті ақпарат: Заңға сәйкес, әрбір жарнамалық материалда оны қаржыландыру көзі және ақпаратты ұсынған жауапты тұлғаның (сенім білдірген адамның) аты-жөні міндетті түрде көрсетілуі керек.

Мазмұнға жауапкершілік: Жіберілген мәтін мен видеоның ҚР заңнамасына сәйкестігіне тапсырыс беруші тікелей жауапты.

Жариялаудан бас тарту: Alashorda.kz ақпараттық агенттігінің редакциясы ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыратын, конституциялық құрылысқа қауіп төндіретін, сондай-ақ өзге кандидаттардың ар-намысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін материалдарды жариялаудан бас тартуға толық құқылы.

5. Қысқаша техникалық талаптар

- **Мақалалар (PR):** Тақырып 90 таңбадан, кіріспе (лид) 200 таңбадан аспауы тиіс. Мақалаға сапасы жоғары 5 суретке дейін (1920x1080px) қосуға болады. Қону бетіне (landing page) сілтеме беру міндетті.
- **Баннерлер:** HTML5, GIF, JPEG, PNG форматтарында қабылданады (көлемі 150 Кб дейін). Анимация ұзақтығы 30 секундтан аспауы шарт. Оқырманның көзін қарықтыратын жыпылықтау эффекттеріне тыйым салынады.
- **Видео (Reels, TikTok):** MP4 немесе MOV форматында, 1080×1920 ажыратымдылығында (9:16) болуы керек. Ұзақтығы 1 минутқа дейін.

6. Төлем жасау тәртібі

Қызмет ақысы Alashorda.kz ақпараттық агенттігінің редакциясы ұсынған төлем шоты негізінде, шот жазылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аударылуы тиіс.

Біздің мекенжайымыз және байланыс: Өтініштер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін тікелей кеңседе қабылданады (факс немесе интернет-байланыс арқылы өтініштер заңдық талаптарға байланысты қабылданбайды).

Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ш.Айтматов 53, 89 пәтер.

Редакция телефоны: 8 702 915 15 14

Электронды пошта: qaraotkel@gmail.com